



АУЫЛДАР НЕГЕ АЗАЙЫП БАРАДЫ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ОҚУЛЫҚ ТҮЗЕЛМЕЙ, ОҚУШЫ ӨЗГЕРМЕЙДІ

6-БЕТ | БІЛІМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ораза кезінде сабырлық пен қанағатшылдық, жанашырлық пен қамқорлық секілді ізгі құндылықтар ерекше дәріптеледі. Азаматтарымыз мұқтаж жандарға көмек беріп, қайырымдылық жасауға ұмтылады. Мұның бәрі ислам дінінің гуманистік идеяларынан бастау алады. Халқымыз үшін дін мен дәстүр – бірін-бірі толықтырып, өзара сабақтасып жатқан егіз ұғым. Асыл дініміз де, ата дәстүріміз де жұртты жақсылық пен жасампаздыққа үндейді.

№25 (4769)

Сейсенбі
4 наурыз
2025 жыл




ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Оңалхан ӨНЕРХАН



15 МЛН ТУРИСТ КЕЛГЕН

Былтыр елімізге 15 млн-нан астам шетелдік турист келген. Олар орта есеппен 4 күн қонақ болып, әрқайсысы 1,5 мың АҚШ долларын жұмсаған.

Осылайша шетелдіктер Қазақстанға 1,2 трлн теңге қалдырыпты. Туризмге салынған инвестиция көлемі де артып келеді. Соңғы 5 жылда 550 млрд теңгеге 600-ден астам жоба іске асырылған. Алдағы 2 жылда тағы 181 жаңа туристік нысан салынады. Бұл жобаларға 1,1 трлн теңге тартылған. Осылайша туризм бойынша Қазақстан әлемдік рейтингте бір жылда 66-орыннан 52-орынға көтерілді.



ҚОСЫМША РЕЙСТЕР АШЫЛАДЫ

16-30 наурыз аралығында қосымша 120 әуе рейсі ашылады. Бұл туралы Көлік министрлігі ақпарат таратты. Air Astana әуе компаниясы қосымша 55 рейсті іске қосады.

Ішкі бағыттар бойынша: Астана – Алматы 8 рейс; Астана – Ақтөбе 1 рейс; Астана – Орал 1 рейс; Астана – Қостанай 1 рейс. Халықаралық бағыттар бойынша: Астана – Ыстанбұл 4 рейс; Астана – Сеул 2 рейс; Астана – Пхукет 1 рейс; Астана – Фукуок 1 рейс ашылады. 31 наурыздан бастап Астана – Нячанг (аптасына 3 рейс), 1 маусымнан бастап Астана – Франкфурт (аптасына 3 рейс) жаңа әуе бағыттары ашылады. FlyArystan әуе компаниясы 33 рейсті іске қосады. Соның ішінде: Астана – Алматы бағытындағы 11 рейс; Астана – Орал 4 рейс; Астана – Шымкент 2 рейс; Астана – Түркістан 2 рейс; Астана – Қызылорда 1 рейс; Астана – Ақтөбе 1 рейс; Астана – Өскемен 1 рейс бар.

ЖОЛ БАЙЛАҒАН КЕПТЕЛІС ЖЕҢІЛДЕЙ МЕ?

Астанада көшедегі кептеліс мәселесін шешу үшін күн сайын жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қалада жаңа көпірлер мен жолдар салынып, қоғамдық көліктер саны көбеюде. Жалпы әлемде, барлық ірі қалаларда бұл мәселені шешудің ең оңтайлы тәсілі – автобустарды барынша көбейтіп, жеке көлікті азайту. Бас қалада да осы бағытта жоспарлы жұмыс қолға алынуда.

ЖҰМЫС ІЗДЕГЕНДЕР ЖӘРМЕҢКЕГЕ ЖИНАЛДЫ

Елордада Нұра ауданы мен қала әкімдігінің Еңбек мобильділігі орталығының ұйымдастыруымен әртүрлі саладан келген 100 жұмыс берушінің 500-ден астам жұмыс орнын ұсынған кең ауқымды бос орындар жәрмеңкесі өтті. 1500 үміткер бос жұмыс орнына сұхбат өтуге мүмкіндік алды.

«Жәрмеңке қала тұрғындарына әртүрлі деңгейдегі жұмыс орны мен еңбек жағдайы туралы білуге мүмкіндік берді. Жалақының орташа деңгейі лауазымға байланысты өзгереді, бірақ көптеген позиция жұмыс тәжірибесі болмаса да қолжетімді» деді Астана қаласы Нұра ауданы әкімі аппараты ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Руслан Сәбитов.

Қызметкерлерді іздеуге мемлекеттік органдар, уран өндіру, машина құру зауыттары, коммуналдық, мердігерлік ұйымдар, банктер, супермаркеттер, бөлшек сауда дүкендері, емханалар, балабақшалар мен мектептер қатысты.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 519.14 \$ USD/KZT 499.22 ₪ RUB/KZT 5.64 ¥ CNY/KZT 68.59

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№25 (4769) 04/03/2025 Сейсенбі



ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Болгария Республикасының Президенті Румен Радевке осы елдің ұлттық мерекесіне орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті құттықтауда екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен өзара тиімді ынтымақтастыққа

негізделген қарым-қатынастың одан әрі нығая беретініне сенім білдірген. Қасым-Жомарт Тоқаев Румен

Радевтің жауапты мемлекеттік қызметіне толағай табыс, ал достас болгар халқына құт-береке тіледі.

БАЛАНЫҢ БАҚЫТТЫ МЕКЕНІ – ОТБАСЫ

Астанада Ұлттық бала асырап алу агенттігінің ұйымдастыруымен «Баланың бақытты мекені – отбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстанда кәсіби қабылдаушы отбасы институтын енгізу туралы ақпарат беріп, пікір алмасу.

«Кәсіби қабылдаушы ата-анаға үміткерлер баланы отбасына қабылдамас бұрын терең психологиялық диагностикадан өтеді. Біз үміткерлер мен олардың жақын туыстарына психологиялық талдау жүргіземіз, сондай-ақ наркологиялық және психоневрологиялық диспансерлерде есепте және соттылығының болмауын тексереміз. Сонымен қатар қамқоршылық органдары алдын ала ескертусіз кәсіби қабылдаушы отбасыларға баруға құқылы болады» деп толықтырды Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкина.

Дәстүрлі қабылдаушы отбасыдан айырмашылығы, кәсіби

қабылдаушы ата-аналар өз рөлін кәсіби негізде орындайды, сонымен қатар терең психологиялық дайындықтан, оқытудан және сертификаттаудан өтеді. Жүйе мұндай отбасыларды мемлекет тарапынан қаржыландыруды және қолдауды көздейді.

Жаңашылыққа сәйкес, мұндай ата-аналар бір адамға 15 шаршы метр жеке тұрғын үйі бар 30 жастан 63 жасқа дейінгі қазақстандықтар бола алады. Әр ата-анаға ай сайын тәрбиешінің қызметі үшін 70 АЕК және баланы асырауға 10 АЕК төленеді.

Алдын ала отбасымен келісімшарт жасалып, баланы тәрбиелеу шарты жазылады.

Алты айда бір рет ата-аналар қамқоршылық органдарына денсаулық, бала тәрбиесі және қаражат жұмсау туралы есеп береді. Қамқоршылық органдары алдын ала ескертусіз кәсіби қабылдаушы отбасыларға баруға бойы әлеуметтік жетімдіктің мемлекеттік органдарға кәсіби қабылдаушы отбасы институтының маңызы мен мәні егжей-тегжейлі баяндалды.

Айта кетейік, қазақстандық бизнесмендердің жобасы – «Ана үйі» ҚҚ 12 жылдан астам уақыт бойы әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және жыл сайын балалар үйіне түсетін балалар санын азайту мақсатында өз қызметін жүзеге асырып келе жатыр.

ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ БЕКІТІЛДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Заңда еліміздің рухани, тарихи-мәдени, туристік орталығы және сәулет мұрасы ретіндегі Түркістан қаласының ерекше мәртебесі бекітілген. Құжатта: тарихи-мәдени мұраны сақтау – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен басқа да ескерткіштерді қорғау; археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстарды реттеу; тарихи-мәдени

мұраны қайта жаңғырту және ұлттық қолөнерді дәріптеу; қорғау аймағында биіктігі мен сәулеті үйлеспейтін ғимараттарды салмау; археологиялық ескерткіштердің резерватын құру; мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді инфрақұрылым және инклюзивті туризм құру арқылы қалада жайлы орта қалыптастыру; қаланың бірыңғай

келбетін – сәулет ерекшелігін сақтау үшін дизайн-код енгізу; тиімді басқару мен бақылау үшін әкімдік пен мәслихат өкілеттігін кеңейту; мемлекет тарапынан қолөнер шеберлерін қолдау мен көлік транзитін реттеу; туризмді дамыту және тұрмыс сапасын арттырумен қатар қаланың тарихи ерекшелігін сақтау қарастырылған.



МҰНАЙ ӨНДЕУ ҰЛҒАЙДЫ МА?

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин биыл мұнай-газ саласының әлеуетіне және Маңғыстау облысының инвестициялық-экономикалық дамуына арналған экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі штаб отырысын өткізді.

2024 жылы ЖІӨ-нің 4,8%-ға нақты өсуі кезінде 2025 жылға таргет 7% мөлшерінде деп белгіленіп отыр. Бұл – экономиканың нақты секторының инвестициялық жобаларын уақытылы іске асыру кезіндегі өте жоғары, бірақ қол жеткізуге болатын көрсеткіш. Энергетика вице-министрі Ерлан Аққаженовтің айтуынша, қаңтар айының қорытындысы бойынша мұнай өңдеу 1,53 млн тоннаны құрады немесе өткен жылғы қаңтардағы көрсеткішпен салыстырғанда

– 104%. Бұл көрсеткіш 2025 жылғы бірінші айдағы жоспардан 0,6%-ға алда.

Қазақстанның ЖІӨ құрылымындағы жалпы мұнай өңдеу үлесі 1%-дан аз (2023 жылы – 0,8%, 2024 жылы 9 айда – 0,6%). Сонымен қатар мұнай өңдеу саласы – бұл қосылған құны жоғары өнім өндірісі. 2025 жылғы мамырдың соңында «CaspiBitum» БК ЖШС кеңейту жобасын іске асыру аяқталғаннан кейін оның қайта өңдеу қуаты 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға дейін ұлғаюы тиіс. 2026

жылы Қазақстанда қайта өңдеу қуатының жиынтық көлемі 18 млн тоннадан 18,5 млн тоннаға дейін өседі.

Вице-премьер ірі қайта өңдеу зауыттары мен шағын МӨЗ жүктемесіне қатысты өзекті мәселелерді тыңдады.

«Қандай да бір елеулі сыртқы фактор болмаса, мұнай өңдеу саласында биыл Қазақстанның ЖІӨ-ге үлесін ұлғайтуға жақсы мүмкіндік бар» деп атап өтті Серік Жұманғарин.

Быттыр елімізде 87,7 млн тонна мұнай өндірілді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТЕН ҚАНДАЙ ҚАУІП БАР?

Мәжілісте «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы мен ілеспе құжат таныстырылды.

«Мемлекет басшысы аталған заң жобаларын іске асырудың маңызын 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында және биылғы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде атап өтті. Заң жобалары жасанды интеллект технологияларын (жүйелерін) пайдаланудың бірыңғай құқықтық базасын белгілеуге бағытталған» деді жиынды ашқан Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов.

Негізгі заң жобасында жасанды интеллект саласындағы реттеудің, ашықтық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері айқындалады. Тәуекелдердің деңгейі бойынша жүйелерді жіктеу енгізіліп, дербес деректерді қорғау күшейтіледі; мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдардың жасанды интеллект технологияларын пайдалану ерекшеліктері қарастырылған; жасанды интеллект саласындағы қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттері айқындалады.

Заң жобасын әзірлеушілердің

бірі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева заң жобасының негізгі жаңалықтарын атап өтті. Тәуекел деңгейі бойынша ЖИ жүйелерін жіктеуді енгізу заң жобасы жасанды интеллект жүйелерін минималды, орташа және жоғары тәуекелге бөледі, бұл олардың жұмысын пайдаланушылардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігіне ықтимал әсер етуіне байланысты реттеуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, толық автономды ЖИ жүйелеріне тыйым салу ескерілген. Қазақстан аумағында адамның араласуынсыз шешім қабылдайтын жүйелерді құруға және енгізуге тыйым салынады, бұл реттелмейтін салдардың ықтималдығын азайтады.

Заң жобасын талқылау кезінде Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев мектеп оқушыларының ChatGPT қолдануына шектеу енгізуді ұсынды.

«Оқушылар үй тапсырмасын жасанды интеллект көмегімен орындауға көшкен. Менің ойымша, мектеп жасындағы оқушыларға қандай да бір шектеулер қойылу керек секілді. Егер бұл шектеу қоймаса, ертең сол



оқушыларымыз студент болады. Еңбек нарығына араласқан кезде соның зардабын біз 20 жылдан кейін көреміз. Бұл да біздің ел үшін келе жатқан үлкен қауіптің бірі» деді ол.

Алаяқтар дипфейк технологиясын белсенді қолданып жатыр. Адамдардың дауысын айнытпай салып, таныстарынан ақша сұратады, жалған ақпарат таратады. Мәжілісмендер заңнамалық тұрғыдан бұл әрекетке тосқауыл қою керек екенін айтты.

«Әріптестерімізге өте көп дипфейк жасалды. Ең әуелі дипфейктер электоралды кезеңде манипуляция жасау үшін пайдаланылды. Алайда кейінгі кезде оны алаяқтар белсенді қолдана бастады. Әлемде оған қатысты әртүрлі тәсіл қолданылады. Оны шартты түрде екіге бөліп қарастырумызға болады. Біріншісі – дипфейктер қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті енгізу, екіншісі – контент жасаушының

дипфейк қолданғаны туралы таңбалауды қою» деді Екатерина Смышляева.

Оның айтуынша, дипфейк құрамында дезинформация, негативті контент болса, оған жаза енгізу жағын қарастыру керек. Ол «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы аясында қылмыстық жауапкершілік енгізілмегенін, алайда жұмыс тобында бұл мәселе талқылануы мүмкін екенін айтты.

Өз кезегінде депутат Анас

Баққожаев тың технологияларға өте сақтана қарайтынын, тіпті кейде қорқатынын айтты.

«Себебі бұл – интеллектуалдық деградацияға апарудың жолы. Адам өзі ойлап жазбаса, композитор музыкасын ойлап шығармаса, бұл не заман болып барады? Сонда біз әлем жасанды интеллектті жасады екен деп соңынан ере береміз бе? Қазақылығымыз қайда? Өзіміздің интеллектуалдық мүмкіндігімізді ашар жол қайда? Бір шенеунік ChatGPT-ге өзінің материалдарын салып отырғанын көрдім. Оның басты мақсаты – бастығы тезірек басынан сипаса екен дегені. Ал ChatGPT арғы жағында бенефициары кім? Ол материалдарды жинап, ертең өзімізге қарсы пайдаланбайтынына кім кепіл? Мемлекеттік органдар осыған бақылау жасай ма?» деп сұрады ол. Бұл сұраққа жауап берген Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары Қаныш Төлеушин жасанды интеллекттің жағымды жағы да барын айтты. Жыл соңына дейін мемлекеттік органдарға 50-ге жуық жасанды интеллект жобалары ассистент ретінде әзірлеу жоспарланғанын жеткізді.



ИГІ ТІЛЕКТЕР ТОҒЫСҚАН КҮН

Достық үйінде Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығы ресми түрде басталып, атаулы жыл мен Алғыс айту күніне орай бірнеше маңызды іс-шара өтті.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен осы күні мерейтойлық жылдың ресми тұсауы кесілгенін айта келе, «Қазақстан халқы ассамблеясына 30 жыл» ескерткіш тақтасын салтанатты түрде ашу рәсімін Халық қаһарманы Бақытжан Ертаевқа ұсынды. Ол ассамблеяның түп тамыры тарихымыздың өн бойында жатқанын, қазақ халқы қашанда үйіне келген қонағын құшақ жая қарсы алып, төрге оздыратынын тілге тиек етіп, аталған дәстүрдің бүкіл этносты біріктіріп отырған ассамблеяның негізінде бүгінге дейін көркем жалғасын тауып отырғанын айтты. Бұдан соң іс-шараға қатысушылар «Бір шаңырақ астында: алғыс айту мәдениеті және

ұлттық бірлік» атты дөңгелек үстелде бас қосты. Дөңгелек үстел барысында Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен оны өткізудің мақсаты мен Алғыс айту күнінің ерекшелігіне тоқталды.

«Бұрын бұл күн этнос өкілдерінің елімізге алғыс айтатын күні болып аталып өтсе, кейінгі жылдары одан да кең мағынаға ие болды. Әрбір Қазақстан азаматының ризашылығы, адал еңбек еткен қызметкерлерге, ерлік көрсеткен азаматтарға, баланың ата-анаға, жастың қарияға деген риясыз сыйластығына ұласты. Мұндай сыйластықты сақтау үшін өткізілетін іс-шаралар қашанда үлкен мән-маңызға ие. Бұл кездесуіміздің де орны ерек-

ше» деген ол Астана қаласында Қазақстан халқы ассамблеясының 30 жылдығына байланысты іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу бойынша ауқымды қалалық жоспар әзірленгенін айтты.

Дөңгелек үстел барысында «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Тілеген Садықов және тағы басқалар сөз сөйледі. Қорытынды бөлімде алғыс хаттармен марапаттау рәсімі өтті. Іс-шараға қатысушы Қазақстан халқы ассамблеясының мүшелері, республикалық қоғамдық бірлестіктер, ақсақалдар кеңесі мен аналар кеңесі және ғылыми-сараптамалық топтардың өкілдері «Қазақ еліне мың алғыс!» монументіне гүл шоқтарын қойды.

САЛТАНАТТЫ КЕШ ӨТТІ

Елордадағы Е.Рахмадиев атындағы филармонияда «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың 60 жылдығына арналған гала-концерт өтті. Іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Еркін Өтебаев пен елорда мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден қатысты.

Іс-шара барысында миллионнан астам тұрғыны бар елорданың инфрақұрылымын дамытуға, жылу желілерінің тұрақты жұмысы мен үздіксіз жылуын қамтамасыз етуге ғұмырын арнаған жандарға алғыс айтылып, құттықтаулар жеткізілді. Жиынға қатысушыларды елордалық мәслихаттың төрағасы Табиғат Зейнұлқабден құттықтап, үздік қызметкерлерге марапаттар табыс етті. Солардың қатарында «Электр энергетикасына қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, кәсіпорынның жедел-диспетчерлік қызметінің диспетчері Елена Гусак бар. Ол энергетика саласында 1998 жылдан бері жұмыс істеп келеді. «Еңбек сіңірген энергетик» атағы жетекші инженер Наталья Алифанова мен екінші ауданның реттеу қызметінің технигі Алмагүл Шахановаға берілді. Сондай-ақ Астана қаласы мәслихатының алғыс хаттары жүк тиеуші Ғалымжан Беспаяевқа, көлік қызметінің жүргізушісі Абай Жұмбабаевқа, жылу желілерінің монтері Еркін Соспақовқа, жылу желілеріне қызмет көрсететін слесарь Игорь Артемьевке, құрылыс-жөндеу учаскесінің ағаш ұстасы Александр Черныхқа табыс



етілді. Сондай-ақ өндіріс үздіктерінің еңбегі еленді. «Құрметті энергетик» атағын жылу желілеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі слесарь Қанат Изембаев пен Айдос Мұхтаров, ал Астана қаласы әкімінің атынан алғыс хатпен жүк тиеуші Олег Зонов, күрделі құрылыс қызметінің жетек-

ші инженері Айнұр Әбішева, жылу желілеріне техникалық қызмет көрсету жөніндегі слесарь Айдос Жәкенов, жөндеу жұмыстары учаскесінің ағаш ұстасы Федор Стрельников марапатталды. Мерекелік іс-шара қазақстандық эстрада жұлдыздарының концертпен жалғасты.

БИЗНЕС ПЕН БИЛІК ҮНТІМАҒЫ АРТАДЫ

Астанада инвестиция жобаларын іске асыру мәселелеріне арналған ашық есік күні өтті. Оған Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотов, елорда прокурорының орынбасары Булат Мизанбаев, Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының директоры Қанат Әлин, бизнес-қоғамдастық өкілдері, қалалық инвестицияларды дамыту орталығы «Astana Invest», Астананы дамыту орталығы және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ өкілдері қатысты. Бұл туралы «Атамекен» сайты хабарлады.



Кездесу барысында бизнесті және инвесторлардың мүддесін қорғау, кәсіпкерлерге құқықтық қолдау көрсету, инвестиция ахуалын жақсарту және заңды құқықтардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жер мәселелері, тарифтер, өнім өткізу және инвестициялық келісімшарттарды жасасу кезінде туындайтын проблемалар талқыланды.

Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың айтуынша, 2024 жыл елорда экономикасы үшін рекордтық жыл болды: инвестиция көлемі 1,9 трлн теңгеге жетіп, 13,1%-ға артқан. Жеке инвестиция көлемі 1,3 трлн теңгені құрап, 7,2%-ға өсті. Әлеуметтік салаға (білім беру, денсаулық сақтау, ойын-сауық және демалыс) салынған инвестиция көлемі 295 млрд теңгеге дейін ұлғайып, жалпы көлемнің 16%-ын құрағаны ерекше аталып өтті.

– Біз әріптестеріміз – прокуратура өкілдерімен бірлесіп ашық есік күнін өткізіп отырмыз. Бұл іс-шара аясында біз инвестициялық жобалардың іске асырылу барысын бағалап, шешілмеген мәселелерді ашық диалог форматында талқылауға мүмкіндік бердік. Шағын және орта бизнес – елорда экономикасының қозғаушы күші, ол қаладағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 70%-дан астамын жұмыспен қамтамасыз етеді, – деп атап өтті Евгений Глотов.

Сондай-ақ ол әкім Жеңіс Қасымбектің төрағалығымен жұмыс істейтін өңірлік инвестициялық штабтың тиімділігін ерекше атап өтті.

Аталған штабтың қолдауымен экономиканың сұранысқа ие салаларында жалпы құны 300 млрд теңгеден асатын 54 инвестициялық жоба іске қосылды.

Елорда прокурорының орынбасары Булат Мизанбаев прокуратура жанында маңызды инвестициялық жобаларды қолдау бойынша жұмыс істейтін фронт-офис туралы айтып өтті. Оның құрамына мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар кіреді. Прокуратура органдарының жаңа құзыреті аясында «Прокурорлық сүзгі» механизмі іске қосылды. Әр аудан прокуратурасында тәулік бойы жұмыс істейтін мобильді топ құрылып, инвестициялық жобаларды қолдау мақсатында прокурормен тікелей байланыс орнату мүмкіндігі ұйымдастырылды.

«Бүгінгі таңда біз 1,6 трлн теңге көлеміндегі инвестицияларға қатысты 41 проблемалық істі шештік. Нәтижесінде 140-тан астам инвестордың, оның ішінде 20 шетелдік инвестордың құқығы қорғалды» деп атап өтті Астана қаласы прокурорының орынбасары Булат Мизанбаев. Іс-шара барысында басым бағыттар бойынша жүзеге асып жатқан 15 инвестициялық жобаның өзекті мәселелері қарастырылды. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, бизнес өкілдеріне өз ұсынысын білдіруге және қызықтырған сұрақтарына жауап алуға мүмкіндік берілді. Ашық есік күні билік пен бизнес-қоғамдастық арасындағы конструктивті диалог орнату мен әріптестікті нығайтудың тиімді алаңына айналды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз.

Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ТАСҚЫННАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Қыс мезгілі басталғалы бері Астананың коммуналдық қызметі су тасқыны кезеңіне дайындықтың маңызды бөлігі – қар шығару және нөсер ағындарын тазарту бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатыр.

Осы кезеңде бас-аяғы 6,5 млн текше метрден астам қар шығарылды, 51200 қума метр арық желісі тазартылды, 19 мың қума метрден астам коллектор жуылды, 1262 тонна батпақ шығарылды. Мүмкін болатын төтенше жағдайларға жедел ден қою үшін азаматтық қорғаныстың арнайы тобы құрылды. Гидротехника құрылыстарын қайта жаңғырту мен нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, қарсы реттегіште Жібек жолы кентінің ауданындағы

Есіл өзенінің 3,8 шақырым ескі арнасы тазартылып, Нұра өзеніне су бұру және су бұру арнасын салу жұмыстары аяқталуда. Майбалық көлінде ұзындығы 5,4 шақырым болатын жалғастырушы арна тазартылуда, бұл су бұруын жақсартуға және су тасқыны кезінде қала жүйесіне түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда арнаның 4900 метрі тазартылған. Су тасқынының алдын алу іс-шаралары аясында өзен арналары мен



арықтар тазартылып, кеңейтілуде. Алматы ауданындағы индустриалды паркте көктемгі қар еріген кезде өткізу қабілетін арттыратын Ақбулақ арнасы тазартылып, айналма канал орнатылуда. Сонымен қатар Тельман ауданындағы су тарту сорғы станциясын қорғау жұмыстары жүргізілуде.

«Қазгидромет» болжамы бойынша наурыз және сәуір айларында жауын-шашынның артуымен күн жылынады. Осыған байланысты Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарға аула аумағын қардан тез арада тазалау қажет екенін ескертеді. Су тасқыны жағдайында қала орталығының iKotek109 телефонына хабарласуға болады.

№25 (4769) 04/03/2025 Сейсенбі

Қарқынды дамып келе жатқан кез келген қалада кептеліс мәселесі туындайды. Халқының саны көші-қон есебімен жылына 50 мыңнан астам адамға көбейіп жатқан елордада бұл мәселе өзекті бола түсті. Қозғалысты шектеп, қала тұрғындарының қолайлы өмір сүруіне кедергі келтіретін көше кептелісін қалай шешуге болады?

Райхан
РАХМЕТОВА

Биыл 13 ақпанда елордада қызмет етуге келісімшарты әрі қарай созылмай, жұмысы басқа шетелдік компанияға берілген бұрынғы Sergek ITS сарапшылары соның алдында ғана Астанадағы көлік кептелісі бойынша ең проблемалы жерлерді атап, ақпарат берген болатын. Олар қаланың көше қиылыстарына түсіп жатқан жүктемені зерттей келе, елордадағы 15 қиылыста ең көп кептеліс болатынын нақтылады.

ҚАЙ КӨШЕДЕ ҚАРБАЛАС?

«Атап айтқанда, Тұран даңғылы мен Қорғалжын тас жолының, Достық пен Ақмешіт көшелерінің, Тұран даңғылы мен Сарайшық көшесінің, Достық және Түркістан көшелерінің, Сарайшық және Ақмешіт көшелерінің, Қабанбай батыр даңғылы мен Сарайшық көшесінің, Қабанбай батыр даңғылы мен Д.Қонаев көшесінің, Қабанбай батыр даңғылы мен Достық көшесінің, Достық пен Сауран көшелерінің, Д.Қонаев пен Түркістан көшелерінің, Қабанбай батыр даңғылы мен Қорғалжын тас жолының, Тәуелсіздік пен Б.Момышұлы даңғылдарының, Кенесары көшесі мен Жеңіс даңғылының, Республика даңғылы мен С.Сейфуллин көшесінің, Ш.Уәлиханов және С.Сейфуллин көшелерінің қиылысында күн сайын көлік кептелісі жиі болады» делінген аталған компания берген мәліметте.

Зерттеу жүргізу барысында олар қозғалыс қарқынын, қиылыстардағы көлік ағынының орташа жылдамдығын, автокөлік кезегінің ұзындығын, жолдарға түсетін жүктеме деңгейін, кептелістің қайталануы мен қанша уақытқа созылатынын есепке алған. Аталған қиылыстарда ұдайы кептеліс болып, соның кесірінен қаладағы жалпы қозғалыс нашарлайды және көлік жүргізушілерінің жолда жүруге кететін уақыты да созыла түседі.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
КӨБЕЮ КЕРЕК

Кептелісті тудыратын жеке көліктер саны 8 пайыз өскен.



ЖОЛ БАЙЛАҒАН КЕПТЕЛІС ЖЕҢІЛДЕЙ МЕ?

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, елордада қазіргі таңда 425730 автокөлік тіркелген. Бұл – тек ресми мәлімет, күніне шеттен келіп-кететін көліктерді қосқанда саны одан да асады. Соның кесірінен елорда көшелеріндегі кептеліс деңгейі 10 балдық меженің 9-ына жеткен.

Биыл 28 қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласы әкімдігіне кептеліс мәселесін шешу үшін шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды. Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек бұл мәселені шешу үшін тұрғындар қоғамдық көлікпен көбірек жүруі керектігін айтады.

– Кептеліс мәселесін шешудің жалғыз жолы – қоғамдық көлікті барынша тиімді пайдалану және жеке автокөліктерді қолдануды азайту. Сол үшін соңғы екі жылда елордадағы автобус паркінің 46 пайызы жаңартылды. Қазіргі таңда шаһарда 1642 автобус болса, соның 1272-сі күн сайын 105 бағдар бойынша тұрғындарды тасиды. Автобустар саны тағы да көбейе түседі. Одан бөлек, жаңа көпірлердің құрылысы да қолға алынуда. Былтыр ғана Сарайшық ауданында Тәуелсіздік даңғылында жаңа көпір аштық. Қазіргі уақытта тағы екі көпірдің жобасы әзірленуде. Көлік қозғалысын жақсарту үшін жол картасы әзірленуде, – дейді әкім.

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНЕ СӘЙКЕС, ЕЛОРДАДА ҚАЗІРГІ ТАҢДА 425730 АВТОКӨЛІК ТІРКЕЛГЕН. БҰЛ – ТЕК РЕСМИ МӘЛІМЕТ, КҮНІНЕ ШЕТТЕН КЕЛІП-КЕТЕТІН КӨЛІКТЕРДІ ҚОСҚАНДА САНЫ ОДАН ДА АСАДЫ. СОНЫҢ КЕСІРІНЕН ЕЛОРДА КӨШЕЛЕРІНДЕГІ КЕПТЕЛІС ДЕҢГЕЙІ 10 БАЛДЫҚ МЕЖЕНІҢ 9-ЫНА ЖЕТКЕН

УРБАНИСТЕР
НЕ ДЕЙДІ?

Астана қалалық Урбанистика орталығының мамандары елордадағы кептелістің бірнеше себебін атады. Жолдардың өткізу қабілетінің шектеулілігі, көліктердің әсіресе «қарбалас кезінде» көбеюі, қоғамдық көліктердің жеткілікті деңгейде дамымауы, заңсыз автотұрақтар мен инфрақұрылымның шектеулі болуы – сол себептер қатарында.

– Кептелістің көбі оң жағалаудан сол жағалауға немесе керісінше жүретін жолдарда болады. Тағы бір себебі – көшелердің аздығы. Қала ішінде үйлер арасындағы бос кеңістіктер ауқымды, кварталдар үлкен, ал көшелер аз. Тәжірибе баяғыдақ көрсеткендей, жолдарды кеңейту кептеліс мәселесін шешпейді, тіпті 10 жолақты жол салсаңыз да кептеліс содан азайып кетпейді, керісінше, ол көбейе түседі, – дейді Астана қаласы Урбанистика орталығы басшысының орынбасары Бақтияр Бекенов.

Осы деректер негізінде қала басшылығы мен көлік басқармасы жол қозғалысы жағдайын жақсартуға арналған кешенді

шаралар әзірлеуі тиіс. Бұған көпірлер салу, қоғамдық көлікті дамыту, бағдаршам арқылы басқарылатын интеллектуалды жүйені енгізу, сонымен қатар көлік ағынын оңтайландыру жұмыстары жатады.

– Біздің ұсынысымыз – бағдаршамдар жүйесін оңтайландыру, яғни қозғалысты реттеудің «ақылды» жүйесін енгізу. Сондай-ақ жаңа автобус бағдарын көбейтіп, қаланың автобус паркінің жайлы қоғамдық көліктермен толықтыру, жеңілдіксіз көлік (LRT) жүйесін дамыту керек. Жеңіл көлікке қажеттілікті азайтпаса болмайды. Ол үшін әр үй аумағында 15 минутта жететін қашықтықта жайлы қоғамдық кеңістіктер, жасыл аймақтар, гүлзарлар мен бақтар болуы қажет. Бұл қатарда дүкендер, кафелер, дәріханалар, мәдени ойын-сауық ғимараттары мен кеңселер бар, – дейді орталық өкілі.

Қалада көлік кептелісін азайту үшін қоғамдық көлік паркі жаңартылып қана қоймай, жол жүру ақысын төлеудің электронды жүйесі енгізілді. Велосипед жүретін және жаяу жүргіншілер жолдары кеңейтілуде. Көпірлер салумен қатар көлік ағыны тиімді бағыттарға

бөлініп, кептеліс картасы әзірленуде.

Көлік кептелісінің дер кезінде азайып, мәселенің шешілмеуі автокөліктер санының одан сайын артып, автотұрақтардың жетіспеушілігіне, қоғамдық көлікке түсетін жүктеменің артуына, инженерлік инфрақұрылымның тозуына, ауаның ластануы мен жасыл аймақтардың азаюы сияқты экологиялық мәселелердің туындауына әкеп соғады. Бұған қоса, қала маңындағы елді мекендермен арадағы көлік қатынасын реттеу қажеттілігі мәселесі пайда болуы мүмкін.

ӘЛЕМДІК
ТӘЖІРИБЕДЕН
НЕ АЛАМЫЗ?

Астанада халықаралық жиындардың көп өтуі оның көлік қозғалысы мәселесін шешуді басқаша қарастыруды қажет етеді. Демалыс, мейрам күндері немесе маңызды іс-шаралар өтетін кезде адамдар жеке көліктерімен сол орындарға ағылып барады. Өзге қалалардан келетін көліктердің де көптігі кептеліс мәселесін қиындата түседі.

Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, дүние жүзінде көлік инфрақұрылымын дамытудың бірнеше үлгісі бар. Мәселен, Еуропада жеке және қоғамдық көлік арасында теңгерім сақтауға ерекше мән беріледі. Еуропалықтар көбіне жылдам, ыңғайлы әрі тиімді болғаны үшін автобустар мен пойыздарға мінуді жөн көреді. Тіпті жеке көлігі бар адамдар да күнделікті тұрмыста автобустарға мінеді, ал өз көлігін көбіне қала маңы



– Париса Шайкелмелқызы, қаңтар айынан бастап әлеуметтік көмек алуға құжат қабылдау басталғаны белгілі. Жалпы, биыл қандай өзгерістер бар?

– Елімізде кедейлік шегінің мөлшерін мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктеріне қарай пайыздық мәнде жан басына шаққандағы ең төмен күнкөріс деңгейі шамасының негізінде уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды. Әлеуметтік көмек көрсетудің басты міндеті – өмірлік қиын жағдайға тап болған адамға немесе отбасыға сол қиындықтан шығуға көмектесу. Сонымен қатар жұмыссыз азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру арқылы еліміздегі жұмыссыздардың санын азайту.

Қазіргі таңда қаңтар айынан бастап 2025 жылдың бірінші тоқсанына құжаттар қабылданауда. Астана қаласы бойынша кедейлік шегі – 38 729 теңге, ең төменгі күнкөріс деңгейі 55327 теңгені құрайды. 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Президент Жарлығы бойынша ең төменгі жалақы көлемі 85000 теңге болып бекітілгені белгілі. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша ақша тағайындалады.

– Атаулы әлеуметтік көмек, соның ішінде шартты және шартсыз ақшалай көмек қалай тағайындалады?

– Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адам атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі туралы ақпарат алу үшін тұрғылықты жері бойынша орталыққа жүгінеді. Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша құжаттарды қабылдау Бейбітшілік көшесі, 9 мекенжайында жүзеге асырылуда.

Атаулы әлеуметтік көмек екі санатқа бөлінеді. Біріншісі, шартсыз ақшалай көмек. Яғни, еңбекке қабілетсіз, мүмкіндігі шектеулі табысы аз адамдарға көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі. Оларға – бірінші немесе екінші топтағы мүгедек жандар, үш жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК – ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒУҒА СЕП



Елімізде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек беру бағдарламасы бар. Оның аясында орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты түрде ақшалай көмек беріледі. Биыл елордалықтардың ең төменгі күнкөріс деңгейі қандай? Ең төменгі жалақы ше? Атаулы әлеуметтік көмек қалай беріледі? Осы жөнінде Астана қаласы Мансап орталығы Есіл ауданының әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесшісі Париса Жусинамен аз-кем әңгімелескен едік.

екінші топтағы мүгедекке, бөгденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтімді жүзеге асыратын жандар жатады.

Шартты ақшалай көмек – еңбекке қабілетті, табысы аз адамдарға көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрі.

– Шартты ақшалай көмек түрін алу үшін не істеу керек?

– Ол үшін азаматтармен әлеуметтік келісімшарт жасалады және отбасының қиын өмірлік жағдайдан шығуы үшін жеке жоспар құрылады. Онда жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары мен әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысуы бойынша тараптардың

міндеттемелері көрсетіледі. Табысы аз отбасылардың еңбекке қабілетті мүшелері жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысуы қажет.

Әлеуметтік келісімшартта көрсетілген талаптарды орындамау шартты ақшалай көмек төлеуді тоқтату үшін негіз бола алады. Мансап орталығы өтінішті қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру мақсатында уәкілетті комиссияға береді. Әрі қарай уәкілетті комиссия қабылдаған күннен бастап жеті

жұмыс күні ішінде қорытынды дайындайды.

– Азаматтардың көбі құжат қабылдау кезіндегі қағазбастылыққа көңілдері толмайды. Өтініш берген соң қанша күнде жауабы дайын болады?

– Жалпы өтініштерді қарастыру барлық мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне сәйкес 15 жұмыс күні болып саналады. Алайда ақпараттық жүйелерде кейбір мәліметтер болмаған жағдайда немесе жеткіліксіз болған жағдайда Мансап орталығы тиісті мемлекеттік органға жазбаша сұрау салуды ресімдейді. Өтінішті қарау мерзімі 30 күнтізбелік күнге



дейін ұзартылады. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға сұрау салуды ресімдеген кезде сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш иесі жазбаша хабардар етіледі.

– Қала бойынша құжаттарды қайда тапсыруға болады?

– Астана қаласында атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құжат қабылдау Алматы, Сарыарқа, Сарыарқа, Байқоңыр, Есіл, Нұра аудандары бойынша қабылданады. Сонымен қатар «Еңбек ресурстарын дамыту ор-

– Биыл қанша отбасыға әлеуметтік көмек тағайындалды?

– Динамика бойынша салыстыратын болсақ қаңтар, ақпан айларында 2023 жылы 2495 отбасыға, 2024 жылы 2032 отбасыға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған болатын, ал 2025 жылы қаңтар айынан бастап бүгінгі күнге дейін 1211 отбасыға тағайындалды. Яғни, жыл сайынғы көрсеткіштерге қарап атаулы әлеуметтік көмектің көптеген отбасының өмірлік қиын жағдайдан шығуына себеп болғанын айтуға болады.

Әңгімелескен Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

АУЫЛДАР НЕГЕ АЗАЙЫП БАРАДЫ?

Нақты дерекпен айтсақ, соңғы 5 жылда ШҚО-да 350 ауыл, СҚО-да 635, Павлодар облысы бойынша 352 ауыл бос қалды. 2024 жылдың өзінде-ақ СҚО-да 141 ауыл мәртебесінен айырылды. Көзіңе еріксіз жас, көңілге мұңды күмән ұялататын статистика.

Бұл жай ғана ауылдардың сандары емес, мыңдаған отбасының туған жері, ұшқан ұясы, өмірінің тарихы ғой. Ауыл деген жай жаба салатын есік емес, қазақтың алтын бесігі екені анық. Осы «алтын бесіктің» қадірі қашып, қасиеті кеміді.

Содан кейін қала кезіп, үйсіз-күйсіз жүрген қазақтың басы көбейді. Бұл цифрланған әлемдегі еліміздің басты қатеріне айналды. Расында, әлемнің озық елдері тұрғындарының әлеуметтік әлеуетін арттырып, барлық саласын цифрландырып, жасанды интеллектінің дамытып, роботтарды медицина, білім беру, қызмет көрсету және тағы басқа салаларға бағыттап жатса, біз баяғы сүрлеумен өз адамдарымызды үймен қамтамасыз ете алмай жүрміз. Ауылдан көшкендер екі қолға бір күрек тауып, тұрмыстық жағдайын дұрыстай алмай, мегаполистерден несі бар?!

Иә, Үкіметтің «Ауыл – ел бесігі» және Атапат партиясының «Ауыл аманаты» деген ауыл тамырына қан жүргізетін, сәтті бағдарламалары ұсынылып жатыр, оларды тіпті енгізді де. Нәтижесі де жаман емес. Бірақ бір-екі бағдарлама

Қазақстанның барлық ауылдарын гүлдендіріп жібере алмайтыны айдай анық ғой.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Ауылдық аймақтарды жан-жақты дамытуға арналған мемлекеттік қолдау шараларының бәрін бір бағдарламаға біріктіру дұрыс шешім болмақ, яғни «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі» және тағы басқа бағдарламалар» деп тапсырма берді.

Бүгінде ауыл тұрғындары өз күнімен қандай да бір іс бастайсың десе де кедергілер өте көп, мал бағып, егін өсірейін десе, жері, кәсіп бастайын десе, қаржысы, қажетті инфрақұрылымы да жоқ. Тұрғындарын былай қойып, ауылдың әкімінде де қарапайым қажеттіліктерді өтейтін бюджетте техника да, пәрмен де жоқ. Ауылдарды осындай күйге жеткізген соң, ауыл халқына неге көштің деп қай бетімізбен айтамыз? «Арқада аяз болмаса, арқар ауып несі бар» дегенді бәріміз білетін шығармыз?

Алдағы уақытта Абай ауылысы Аягөз ауданында да 10-нан астам ауылды жапқалы жатыр екен. Оның алдын алуға талпынып жатқан бір лауазымды тұлға



жоқ. Қазақ өз тамырын өзі балталаса, қалай гүлдемек?!

Жоқ, әлде бұл әрекеттердің әр жағында халықтың бәрін мәжбүрлі түрде қалаға көшіру керек деген жатымысқа саясат бар ма? Ауылдарды сақтау әрекетін қашан жасаймыз?

Павлодар облысында Успенка деген аудан бар. Халқының саны – небәрі 11,9 мың адам. Халықтың орташа тығыздығы 1 шаршы шақырымға шаққанда 3,89 адамнан келеді. Құлынды жазығындағы шекаралық ауданда елді мекен статусынан айырғалы тұрған ауылдар аз емес. Қайбір жылы Ольгинка деген ауылдың мектебі жабылғалы тұрған, Қытайдан бір топ отбасы келіп, ауылды құтқарып қалды.

Қазір қандастар ортаға сіңісіп, тамырын жайып, сол ауылдың тынысын кеңейтіп отыр. Міне, көші-қонды ұйымдастырғанда адамдарды топ-тобымен – әулетімен немесе достарымен бірге

көшіруге мән берген дұрыс. Ашығын айту керек, көшкен ағайынның көбісі әлеуметтік ортаға сіңісе алмай, кері қайтуда. Бұл жағын ойлау маңызды.

Айтқым келгені, 2050 жылдары онтүстікте халық саны екі есе көбейсе, солтүстікте керісінше екі есе азаяды. Нағыз теңсіздік деген – осы!

Үкімет осыны болдырмау керек. Ол үшін көші-қонға ерекше мәртебе беріп, сырттағы қандастарды және онтүстіктегі ағайында шығысқа және солтүстіктегі шекаралық аудандарға көшіруді мықтап қолға алу керек. Ал адам бару үшін ондағы әлеуметтік инфрақұрылым мен инженерлік желіні, бастысы, жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етіп, көшуге ниеттілерге арнайы пакеттер әзірлеуі тиіс. Онсыз іс мардымды, бастама байышты болмайды.

Ауыл болмаса қазақ, қазақ болмаса мемлекеттің де болмайтыны анық

қой. Сондықтан, қоныс аудару жөніндегі мемлекеттік комиссия құруды кешіктіре беруге болмайды. Шекаралық аудандардағы ауылдарға ерекше статус беріп, онда тұратын әрі жұмыс істейтін адамдардың жалақысына 50 пайызға дейін үстемақы төлеу керек. Өзге өнерлерде тіректі ауылдардың жол картасын әзірлеп, бір ауыл – бір өндіріс қағидасын жүзеге асыру керек. Мұндай тәжірибе Қытайда жақсы дамығанын білеміз. Қазір біз көрші елдің ауылдарында өндірілетін өнімдерді тұтынып жүрміз. Осыны өзімізде де ілгерілетуге әбден болады.

Ауылды дамытуды мемлекеттік деңгейде шешу керек. Өйткені ауыл – елдің тірегі. Тіректен айырылсақ, тұғырымыз құлайды. Сол себепті елді мекендерді заман талабына сай жетілдіре білейік!

Ринат ЗАЙЫТОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты

№25 (4769) 04/03/2025 Сейсенбі

Индира БЕРЖАНОВА

БІР ЖҮЙЕГЕ КЕЛЕ МЕ?

Жақында Жоғары аудиторлық палата орта білім беру саласына мемлекеттік аудит жүргізді. Тексеріс нәтижесінде саладағы стратегиялық құжаттардың үнемі ауысып отыруы бұрынғы бастамалардың аяқсыз қалуына әкеп соққаны анықталды.

«Білім беру стандарттары саласындағы реформалар жүйелі жүргізілмейді. Оқу жоспарларындағы жиі өзгерістер шығарылып қойған оқулықтарды қайта қарауға және бюджеттің тиімсіз шығыстарына әкеледі. Соңғы 5 жылда оқулықтарды қайта қарау салдарынан экономикалық шығындар 16 млрд теңгеден асқан. Оқулықтардың сапасын сараптау мен бақылауда кемшіліктер анықталды. 5 жыл ішінде бағалау өлшемшарттары 12 рет өзгерген, бұл орнықты бағалау жүйесінің жоқ екенін көрсетеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді бақылау ақпараттық жүйесі арқылы сараптама тәртібі іске асырылмаған, рәсімдер қағаз жүзінде жүргізіледі» делінген Жоғары аудиторлық палата есебінде.

Бір ғана оқулықтың шығуы бірнеше кезеңдерді қамтып, оған бір топ мамандар атсалысады. Алдымен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әр пәнге сай оқу бағдарламасын әзірлейді, авторлар ұжымы бар баспалар оқулық басуға кіріседі, кейін бірқатар сарапшысы бар республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы оны сүзгіден өткізіп, республикалық комиссияда оқулық тағы бір мәрте тексеріледі. Кезең-кезеңді қамтитын оқулықтан қате де, экономикалық залал да шықпайтындығы көрінеді. Десе де, 5-11-сыныптарға арналған бірқатар оқулықтардың авторы, филология ғылымдарының докторы Руда Зайкенқызы оқулықтағы олқылықтардың басты себебі білім беру стандарты мен оқу бағдарламасына тікелей байланысты деген пікірде.

«Оқулық айналасындағы олқылықтың бір себебі – уақыт тапшылығы. Авторлардың барлығы да жұмыс істейді. Оқулық жазған авторға тым болмаса, бір ай тегін мүмкіндік жасап, уақыт берсе, оқулық сапасы артар еді. Ал бізде уақыт тығыз. Себебі бағдарлама дайын бола салысымен, бірден «тез-тез» деген мәселе туындайды. Алдымен стандарт пен бағдарламаны алдын ала асықпай-үсікпей дайындап алу керек емес пе? Оқу бағдарламасында автор көрсетілмейді, «айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» болып жұмыс істейміз. Сондықтан алдымен білім беру стандарты талқылаудан өтіп барып, бекітілуі керек. Авторлары ашық айтылуы тиіс. Бағдарламаны ғалымдар мен тәжірибелі мұғалімдерді жинап, Оқулық орталығында талқыға салу кейінгі жылдарда



ОҚУЛЫҚ ТҮЗЕЛМЕЙ, ОҚУШЫ ӨЗГЕРМЕЙДІ

Мектептегі оқулық – білімнің өзегі әрі ұлттық тәрбиенің құралы. Мыңдаған оқушы бірдей пайдаланатын оқулықта бір әріптің қате жазылуы, тарихи оқиғалардың бұрмалануы немесе ғылыми деректердің нақтыланбауына жол берілмеуі керегі сөзсіз. Алайда бүгінде ата-аналар мен ұстаздардың да баланың қолындағы кітаптан қате тауып, одан жарқ етіп жаңалық жасауы үйреншікті жағдайға айналды. Орфографиялық қателіктердің бұрын мазмұн жағынан сапасы сын көтермейтін оқулықтардан оқушылар опық жейді. Жоғары аудиторлық палата есебіне сәйкес, соңғы 5 жылда мектеп оқулықтарын қайта жазудан мемлекет бюджеті 16 миллиард теңгеден астам шығынға ұшырады. Баланы лайықтап оқытатын оқулық қашан туып, мәселе қайтсе оңалады?

тәжірибеде бар. Бірақ ең соңғы нұсқа – дүдәмал. Бағдарлама авторлары мен оқулық авторлары бірлесе отырып, бұл да талқылаудан өтуі керек. Сонда белгілі бір деңгейде нәтиже болмақ» деді Р.Зайкенқызы.

Publications», «Oxford University Press», «Cambridge University Press» сияқты баспалардың оқулықтары да білім беру ұйымдарында қолданыста.

Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы директорының орынбасары Мәншүк Мұқа

меттік қалыңдығының айтуынша, 2004 жылдан бастап оқу әдебиеттерін әзірлеу және басып шығару бәсекелі ортаға берілген. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларға сәйкес оқулықтарды әзірлеуде оқулық авторларының құрамында сала бойынша ғалымның, әдіскер

мен практик-мұғалімнің болуы міндеттелген. Аталған қағидалар негізінде мектеп оқулықтары бес жылда бір рет мемлекеттік сараптаманың қорытындысы негізінде қайта басылып шығарылады. Оқулықтарды қайта басып шығаруда қоғам тарапынан оқулықтың мазмұндық жағынан түскен дәлелді, анықталған сын-ескертүүлер ескеріледі» деді М.Мұқаметқали. Қоғам арасында оқулық жазу ісін жекелеген баспалар монополияға айналдырып алғаны айтылады. Себебі авторларды жасақтайтын – баспаның өзі. Бір оқулықты міндетті түрде үш маманның бірігіп жазу талабы қойылады. Дәлірек айтқанда, пәндік саладағы ғалым және екі практик мұғалімнің болуы шарт. Сарапшылар тобы оқулықтардың ұтымдысын ғана мақұлдайтын ескерсек, баспалар мемлекеттік сараптамадан өту үшін бір-бірімен бәсекеге түсіп, үздік деген ғалымдар мен педагогтарды тартуға мүдделі келеді деседі. Авторлар шығармашылық жетістіктері, «Жыл мұғалімі», «Үздік педагог», «Үздік оқытушы» секілді республикалық байқаулардың жеңімпаздары

болуына қарай іріктеледі.

Оқулықтар 5 жылда бір басылып шыққанның өзінде жыл сайын оқу бағдарламасына өзгерістер енгізіліп отырады. Сәйкесінше авторлар да, баспа да оқулықтарды дайындап, дұрыс тексеріп те, шығарып та үлгермейді. Асығыс шешімдердің салдарынан бір қайнауы жетпей қалған оқулықтардың сапалы болуы екіталай. Мысалы, 2022 жылы 2-сыныптың «Ағылшын тілі» оқулығына қатысты полиграфиялық ақау анықталып, баспа барлық тиражды қайта басып шығарған. Ал бір оқулық 25-30 мың таралыммен шығатынын ескерсек, жіберілген қателіктерді қайта түзетіп отырудан ақ миллиардтардың кетіп, осыншама шығындардың болуы қынжылтады. Ал 16 миллиард теңге оқулықтарды жаңартуға емес, осындай асығыс шешімдер мен шикі жобалардың тесігін жамауға кетіп жатыр. Алдағы оқу жылдары бірқатар пәндерді біріктіру мен кіріктіру жоспарланып отыр, бұған да қыруар қаражат жұмсалатыны сөзсіз.

ҚАНДАЙ ШЕШІМ ҚАЖЕТ?

Дамыған мемлекеттер қатарында Германия, Франция, Жапония және Финляндияның

P.S: Білімге салынған қаражат – мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Әрине, тиімді игерілсе ғана олқылықтарға жол берілмес. Ал оқулық айналасындағы дау жүйелі шешімдер жетіспейтінін көрсетті. Ақын-жазушылардың аты-тегінен, тарихи деректердің жылдарынан бастап, букмекерлік кеңсе жарнамасы мен өзге ұлт идеологиясы насихатталған қателіктер ұлт болашағына жасалған қиянатқа сайып келеді.

АСЫҒЫСТЫҚ ҚАТЕЛІККЕ АПАРАДЫ

Бүгінде елімізде 300-ге тарта баспа болса, соның 20-ға жуығы мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды әзірлеп, басып шығарумен айналысады. Қазіргі қолданыстағы оқулықтардың 70%-ға жуығы – «Мектеп», «Атамұра», «Алматыкітап», «Арман-ПВ» баспаларынан шыққан оқулықтар. Алайда осы баспалардан бөлек «Жазушы», «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Көкжиек-Горизонт», «EDU Stream», «Macmillan», «MM

тау орталығы директорының орынбасары Мәншүк Мұқаметқалиқызының айтуынша, 2004 жылдан бастап оқу әдебиеттерін әзірлеу және басып шығару бәсекелі ортаға берілген. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларға сәйкес оқулықтарды әзірлеуде оқулық авторларының құрамында сала бойынша ғалымның, әдіскер

РОБОТТЫҢ ТІЛІН БІЛГЕН...

Жақында Алматы қаласында Қ.Сәтпаев атындағы техникалық университетте робототехника бойынша өткен республикалық турнирде астаналық оқушылар жеңіс тұғырынан көрінді.

Еліміздің әр өңірлерінен 21 команда қатысқан жарыста Астана қаласындағы Skillset мектебінен үш команда қатысты. Бірінші команданың сапында өнер көрсеткен Әлихан Еркін, Дінмұхамед Несіпбаев және Нұрәлі Дәулетбеков жарыстың финалына өтіп, шешуші кезеңде 147 балл жинап, бірінші орынға ие болды. Ал екінші команда құрамындағы Фатима Еркін, Нұрбибі Әкімбаева, Айша Құсайынова және Руслан Нұрахмет

сынды оқушылар жарыс барысында 130 балл жинап, турнирдің жүлдегерлері қатарынан көрінді. Сондай-ақ Әлішер, Әділжан, Ержүрек және Тимур есімді бесінші сынып оқушыларынан құралған ең жас команда өз қатарластары арасында чемпион атанып келді. Астаналық оқушылардың жеңістеріне олардың жаттықтырушылары Ерқанат Нұрмаханов пен Серік Назретдиновтың сіңірген еңбегі зор екені сөзсіз.

Республикалық жарыстың

жеңімпаздарын әуежайда ата-аналары зор қуанышпен қарсы алды. Солардың ішінде турнирде жүлдегер атанған Әлихан мен Фатима Еркіннің атасы білім беру саласының ардагері Еркін Дәуешұлы болып, өзінің ойын білдірді.

«Немерелерімнің робототехникамен айналысып жүргендеріне бір жыл болды. Өткен жылы Баку қаласында өткен халықаралық жарыстан төртінші орын алып келген еді. Енді, міне, кезекті



жарыстарында жеңімпаздар қатарынан орын алып келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өндірісті цифрландыру,

жаңа заманауи технологияларды игеруге ерекше мән беріп отыр. Сондықтан балалар мен жастарға жаңа заманның озық

оқу бағдарламасында әлі де осыдан 10-15 жыл бұрынғы оқулықтар қолданылууда. Өзгерістері қателіктерді басып шығарусыз-ақ реттейтін жол ретінде электронды оқулықтарды енгізген. Мәселен, Нидерланды мен Оңтүстік Кореяда мұндай оқулықтарға қолжетімділікті арттыру үшін арнайы платформа құрып, планшет және ноутбуктармен қамтамасыз етілген. Бірақ бірде-бір мемлекет қағаз оқулықтарды мүлдем алып тастамаған. Елімізде де мектеп оқулықтарының электронды нұсқасы қосымша құрал ретінде ғана қолданылады. Яғни, кез келген кітаптың соңғы бетінде аудио және видео форматтағы диск жүреді. Оны компьютерге салып ашса, кітаптағы сабақтардың тапсырмалары, жаттығулары мен жауаптары қоса беріледі. Мамандардың айтуынша, оқу-тудың бұл форматы оқушылар үшін ауыр сөмке көтеруден құтылуға жағдай жасады.

«Алматыкітап» баспасынан шығатын «Цифрлық сауаттылық» және «Информатика» оқулықтарының авторы Роман Алауұлы да – электронды оқулық шығарғандардың бірі. Педагог бүгінгі оқулық сапасы сын көтермейді дегенмен келіспейтінін де жеткізді.

– Қазіргі оқулықтардың сапасының қандай екенін білу үшін оны 10-15 жыл алдыңғы оқулықтармен салыстырып көру керек. Сонда әлдеқайда жоғары екенін аңғаруға болады. Қазір блогерлер, ата-аналар бәрі шеттен оқулықтың сарапшысына айналған. Оларға айтарым, оқулықты мектептегі бала оқиды. Олар – біздің айнамыз. Біз не істесек, олар соны қайталайды. Егер біз өз балаларымыз оқитын оқулықтан бір-екі қате тауып алып, түсінбей, отырып алып жамандай берсек, бала оқулықтарды мүлдем оқымайтын болады. Сол үшін мұндай мәселеге аса жауапкершілікпен қараған жөн.

Өз басым оқулықтың сапасы оқу бағдарламасына емес, автордың шеберлігіне байланысты деп санаймын. Оқу бағдарламасы әр оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білім мазмұны мен мөлшерін, білік пен дағдыларды және оқу жылдары бойынша бөлінген бөлімдермен тақырыптардың мазмұнын анықтайды. Бұл – басқа мәселе. Ал сапалы оқулық жазу үшін авторлардың міндеті – сол бағдарламада берілген тақырыптарды оқу мақсаттарына сай оқулық жазудың барлық талабын сақтай отырып, қызықты, қатесіз етіп оқушыларға ұсыну.

ӨНЕР КИЕСІ ҚОНҒАН

Ақ қайың, қызыл қайың, сырлы қайың, Баласы Қошқарбайдың Шашубаймын. Күніне мыңды алып, жүз берсем де, Қалтамның түбі тесік байымаймын... Сахна төрінен ақтарылған алапат үн Мәдениет үйін кернеп барады. «Апыр-ау, мынадай да құдіретті дауыс болады екен-ау» деп аң-таңмын. Бұл – менің арқалы әнші, марқұм Асылмұрат Ахановтың сахнада ән шырқаған сәтінде, алғашқы тіліме оралған сөз.



Дауысы алты қырдан асатын Асылмұраттың ән салған әрбір сәтінде, өзгені қайдам, өзімнің төбе құй-қам шымыр ете қалатын. Әншейінде білінбейтін бұғағы ән салған сәтте көрік қаптай ісініп, зорайып кететін. Ондай зор дауысты, Шашекеңнің «Ақ қайың» әнін тап Асылмұраттай орындаған әншіні өз басым әлі күнге ұшыратқан емеспін. Әліне қарай шабағын алуан-алуан жүйрік бар. Әй, бірақ, Асылмұраттың құдіретті үнімен шендесетін дауыс жоқ шығар.

Сонау жетпісінші, сексенінші жылдары Жүрсін Ерман ағамыз қазақтың айтты өнеріне өріс ашып, бекзат өнердің төңірегіне жыршы-термешілер мен дәстүрлі әншілердің басын қосып, телеарна арқылы көрермен қауымға жақсы бағдарлама ұсынып. Және ол бағдарлама телеарналар арқылы тұрақты көрсетіліп тұрды. Сол бағдарламаға Жезқазған облысының ақын-жыршы, әнші-термешілерімен бірге ақтоғайлық әнші Асылмұрат Аханов та қатысып жүрді. Ол тұста Асылмұратпен таныстығым жоқ. Және телеарнада ән шырқаған сәті де есімде қалмапты. Кейін ғой, Асылмұраттың дауысын тыңдап, таңырқап жүргенім. Асылмұратты алғаш танысып-білген кезден өзара тез түсінісіп, сыйласып жақсы араласып кеттік.

Ақтоғайға келіп, Асылмұраттың ауылында үш жылдай шопан болдым. Асылмұраттың ағасы марқұм Бегендіктің де әнші екеніне көрші қыстақта тұратын Ерғазының (Байжұманов) үйіндегі шағын отырыс барысында кездейсоқ естіп, аузым аңқайып қалғаны бар. Бегендік биік, ашық тенор дауысы бар екен.

Асылмұратпен біз аудан орталығына көшіп келген кезден етене араластық. Ол сол кезде аудандық газетте жауапты хатшы болып қызмет атқаратын, менің шығармашылықтағы ұстазым, Үмітай (Мұбарак) Жармағанбетовпен жақсы достық қарым-қатынаста екен. Асылмұрат бойына желік бітіп, желпінген сәттері, редакцияны бетке алып, Үмкеңе жиі-жиі соғып тұратын. Ондай сәттерде Әукекең (газет тілшісі Амангелді Советұлы) екеуміз шауып кел, барып кел, алып келде жүреміз. Жұмыс барысында Мәдениет үйіне біз де жиі-жиі бас сұғып тұрамыз. Арамызда дәнекер болып жеңіл әзіл, қағытпа қалжың жүреді. Ол дарабоз Дәртәй Сәдуақасов жетекшілік ететін «Тоқырауын толқыны» халықтық әнби ансамблінің атақ-даңқы алыс, жақын шет жұртқа тарап, Ақтоғай өнерінің шарықтап, шырқау шегіне жеткен кезеңі болатын. Ансамбль құрамында Қуат Қожамбаев, Бегендік Аханов, Асылмұрат Аханов, Нұрлан Құлшкенов, Мұрат Тәжібаев, Дариға Ақатаева, Шәмшия Төлеубаева, Қадыр Баймурзин сынды Ақтоғай өнерінің «самородок» сары алтын саңлақтары болды. Солардың арасында әлбетте Асылмұраттың шоқтығы айрықша тұлғаланып, менмұнда далайтын.

Жоғарыда айтқанымдай, Асылмұраттың не кереметі барын білмеймін, әрбір ән салған сәтінде менің төбе құйқам шымыр ете қалатын. Алапаты басым қуатты дауысы сахна күңіретіп жіберетін. Тегінде, өнер екінің бірінің басына жапалақтай жалп етіп, қона салмайды. «Өнер екенің қанымен, ананың сүтімен, туып-өскен құнарлы топырағымен келеді» деп жатады. Дәмі бар сөз. Талант та аспаннан топ етіп төбене түсе қалмайды.

Мен Асылмұраттың әкесі Рахмет ақсақалдың көзін көрдім. Көріп қана қойған жоқпын, әуелете шырқайтын әнін де тыңдадым. Өнерді қумады демесең, Раханның әншілігі дау тудырмайтын.



Ахановтар әулеті – өнердің киесі қонған әулет. Айтыста «хитмен» атанған Махсат Аханов, консерваторияны Әлібек Дінішевтің сыныбында бітірген Талғат Аханов, Қарағанды облыстық филармониясының әншісі Дулат Аханов – өнердің киесі қонған Ахановтар әулетінің бүгінгі заңды жалғасы, заңды мұрагері

Аскеңнің ағасы Бегендік Аханов та біраз жыл «Тоқырауын толқыны» ансамблінің құрамында еліміз бен алыс-жақын шет елдерді аралап, өнер көрсеткен. Бір сөзбен айтқанда, Ахановтар әулеті – өнердің киесі қонған әулет. Айтыста «хитмен» атанған Махсат Аханов, консерваторияны Әлібек Дінішевтің сыныбында бітірген Талғат Аханов, Қарағанды облыстық филармониясының әншісі Дулат Аханов – өнердің киесі қонған Ахановтар әулетінің бүгінгі заңды жалғасы, заңды мұрагері.

Маған Асылмұрат кешегі сал-серілердің көшінен көз жазып, өз үйінен адасып, басы бұғауға түскен қас жүйріктей көрінетін. Негізі, Асылмұраттың әншілік қыры енді ашылып, бабына енді келіп, республикалық түрлі байқаулардың жеңімпазы атанып жүрген кезі болатын. Жалпы әнші болсын, күйші болсын, жастық арыны басылып, өнерге ойлы көзқарасын қараған шағында кемеліне келеді. Асылмұрат өмірден өтер алдында, әнші ретінде тынысы енді ашылып, орындаушылық шеберлігі шыңдалып, шегіне жеткен, нағыз бабында болды.

Бойына сыймай буырқанған әншілік өнер Асылмұратты Алматыға алып барған екен. Консерваторияға оқуға түсіп, атағы асқақтап тұрған Қайрат Байбосыновтың алдын көріп, шәкірті де атаныпты. Тек дулы, шулы, көк су ішкен қала тірлігіне бойы үйрене алмай, қолын бір-ақ сермеп, «ауыл қайда-сың» деп елге бір-ақ тартқан көрінеді. Ауылда қара жұмыс істей жүріп, той-томалақта ән салып, есімі елдің аузына ілігіп, жұрттың көзіне шалынып, әншілік жолды таңдап, табанын туған жерден аудармай өмірден өтті.

Тегінде жарықтық өнер, көрінгеннің қолтығында кететін жеңілтек қыз емес. Шынайы өнер кірпіз келеді. Адалдық танытып, аялап ұстамасаң пыр етіп ұшып кететін бақ құсы іспетті. Асылмұрат өнерге, әнге мейлінше адал болды. Сол өнерге деген адалдығы арқылы өзін елге әнші ретінде мойындатып кетті. Өнерсүйер қауымның қошемет-құрметіне бөленді. Қызыл шырайлы жүзінен нұры тамып тұратын Асылмұрат, мінезге де өте бай болды. Ашуы жел желпіген ақша бұлтай таз қарқайтын. «Пейілі баладай, көңілі даладай» деген тіркес тура осы Асылмұратқа қарата айтылғандай.

Дүниеде армансыз адам жоқ. Асылмұраттың армандары болған шығар. Ол қандай арман? Өкінішке қарай, біз оны тап басып айтып бере алмаймыз. Білетіміз, Асылмұраттың артында, жоғарыда тілге тиек еткен, айттыс өнерінде топтан озып, олжа салып жүрген Мақсаты бар. Орнын оңалтып қара шаңырағына ие болып Саяқаты отыр. Соған тәуба, соған шүкір дейсің! Әйтсе де Ақтоғайдың аты мен атағын танытқан Асылмұраттың артында бір белгі қалуы керек. Ана бір жылы Ақтоғайда Асылмұрат Аханов атында дәстүрлі әндер байқауы өтті. Сол байқау дәстүрлі жалғасын тапса жөн еді...

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ,
Қазақстанның құрметті журналисі

«Өнер қырандары» театрының алғашқы толықметражды фильмі – «Молда» – 2025 жылдың 20 ақпанынан бастап еліміздегі кинотеатрларда көрсетіле бастады. Фильм алғашқы аптада 431 миллион теңге жинап, қазақстандық прокатта көш бастады. Жұрт мақтаған, көп жақтаған киноны біз де көріп, көңілденіп қайттық.

ІЗГІЛІКТІ ДӘРІПТЕГЕН «МОЛДА»

Қалиакбар
ҮСЕМЖАНҰЛЫ

Режиссер Абдуссаид Шайхисламұлының бұл фильмі комедия жанрында түсірілгенімен, адамды күлкіден гөрі үлкен ойға жетелейді. Фильм қоғамдағы адами құндылық пен имандылықты, адамның ішкі жан дүниесі мен өмірлік таңдауы туралы ой қозғап, рухани ізденіспен діннің әлеуметтік маңызын ашуға тырысады. Дінді дұрыс түсіну мен оны өмірлік бағыт ретінде қабылдау мәселелерін қозғайды. Ең бастысы, бұл фильм діни фашизм мен имандылықтың айырмашылығын ашып көрсетіп, көрерменді дінді саналы түрде түсінуге шақырып, нағыз дін адам жүрегіндегі ізгілікпен ұштасып жатады деген ойды бүкпесіз ортаға салады. Біреуге жасаған қастығың да, істеген көмегің де текке кетпейтінін, түбі бір айналып алдыңнан шығатынын да ұмытшақ жұрттың ойына салады.

Ең бастысы, режиссер фильмінің айтар ойын, діттеген мақсатын барынша шынайы әрі көркем тәсілмен жеткізген. Түсірілім техникасы да көрермендерге ерекше эмоциялық әсер сыйлайды. Екінші тұрғыдан, «Өнер қырандары» театрының актерлері, негізінен, комедия жанрында танымал болғанымен, бұл фильмде олар өздерін

жаңа қырынан көрсете білген. Әр актер өз орнын тапқан. Басты рөлдегі актердің кейіпкердің жан дүниесіндегі өзгерістерді шынайы жеткізуі фильмінің эмоционалды құатын арттырған. Диалогтарда жасандылық және артық сөзбалақтау жоқ, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері табиғи әрі өмірге жақын, шынайы.

Қазір Қазақстанда дінге формалды түрде сенетін, бірақ оның шынайы рухани құндылықтарын жүрегіне терең сіңірмеген адамдар өте көп. Діннің сыртқы формасына баса мән беріп, яғни, намаз оқу, ораза ұстау, діни киім кию, мешітке бару сияқты амалдарды орындауға баса басымдық берілді де, діннің ішкі мәніне терең бойламайды. Біздіңше «Молда» фильмі осы мәселені өте ұтқыр тәсілмен түсіндірген. Дінге сену дегеніміз, қатал көзқарас ұстану ма, әлде оның терең рухани мәнін түсініп, адамгершілікті бәрінен жоғары қою ма деген сұраққа жауап іздейді. Қазақхалықтың түп негізіндегі, ұлттық болмысына әрі көркем тәсілмен жеткізген. Түсірілім техникасы да көрермендерге ерекше эмоциялық әсер сыйлайды. Екінші тұрғыдан, «Өнер қырандары» театрының актерлері, негізінен, комедия жанрында танымал болғанымен, бұл фильмде олар өздерін



ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 10 наурыздан бастап 15 наурыз аралығында, сағат: 09.00-ден 18.00-ге дейін (үзіліс уақыты: 13.00-14.00), «Стоматология» Оқу-клиникалық орталығы» ЖШС-де Астана қаласы Сарыарқа және Байқоңыр ауданы бойынша тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарды тіс протездеуге жазу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:

- ҮОС ардагерлері және ҮОС-ның мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);
- жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жасы, әйел кісілер – 61 жас);
- I, II, III топ мүгедектігі бар тұлғалар;
- көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар санатынан (аналар) (АӘК алушылардың қатарынан));
- мүгедектігі бар балаларды асырап отырған отбасы (ата-анасының біреуіне);
- Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар (алуға құқығы бар жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша күндізгі нысанда оқитын балаларды қоса алғанда, бірге тұратын 18 жасқа дейінгі кемелетке толмаған балаларға олар жиырма үш жасқа толғанға дейін жәрдемақы алады).

Жазу онлайн режимінде жүзеге асырылады. Бұл жазу форматы халық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған.

Байланыс телефондары:
• Сарыарқа ауданы: +7 778 526 96 08, +7 778 526 96 09, +7 (7172) 39-79-49
• Байқоңыр: +7 778 526 96 05, +7 778 526 96 07, +7 (7172) 31-05-02
Құжаттар тізімі:
• ҚР жеке куәлігі;
• Зейнеткер куәлігі;
• I, II, III топ мүгедектігі туралы куәлігі;
• Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар құжат.

ХАБАРЛАМА

«М32» ЖШС-де Астана қаласы Нұра ауданы бойынша тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарды тегін тіс протездеуге 2025 жылғы наурыз айының 17, 18, 19, 20, 26, 27, 28-і күндері, сағат: 09.00-ден 18.00-ге дейін (үзіліс уақыты: 13.00-14.00), жазу келесі санаттар бойынша жүргізіледі:
• ҮОС ардагерлері және ҮОС-ның мүгедектері, соған теңестірілгендер (Чернобыль, Ауған соғысы ардагерлері);
• жасы бойынша зейнеткерлер (ер кісілер – 63 жасы, әйел кісілер – 61 жас);
• I, II, III топ мүгедектігі бар тұлғалар;
• көпбалалы аналар (көпбалалы отбасылар, аз қамтылған азаматтар санатынан (аналар) (АӘК алушылардың қатарынан));
• мүгедектігі бар балаларды асырап отыр-

ған отбасы (ата-анасының біреуіне);

• Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік жәрдемақы алатын азаматтар (алуға құқығы бар жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша күндізгі нысанда оқитын балаларды қоса алғанда, бірге тұратын 18 жасқа дейінгі кемелетке толмаған балаларға олар жиырма үш жасқа толғанға дейін жәрдемақы алады).

Жазу онлайн режимінде жүзеге асырылады. Бұл жазу форматы халық арасында жұқпалы аурулардың алдын алу шараларын күшейтуге бағытталған. Келесі байланыс телефондары арқылы жазылуға болады:
Байланыс телефондары:

Нұра ауданы:

+7 (7172) 64-40-02
+7 (778) 543-21-13
+7 (702) 287-48-55

Өтініш беруге қажетті мәліметтер мен құжаттар тізімі:

- Тегі, аты, әкесінің аты;
- Тіркелген мекенжайы;
- ЖСН;
- ҚР жеке куәлігі;
- Жеңілдік куәлігі нөмірі;
- Жасы бойынша зейнеткер куәлігі;
- I, II, III топ мүгедектігі туралы куәлігі;
- Байланыс телефоны;
- Статус (растайтын құжаттар);
- Асыраушысынан айырылған жағдайда мемлекеттік жәрдемақы алғанын растайтын құжат.

№25 (4769) 04/03/2025 Сейсенбі

ЖҮМЕКЕННІҢ ЖҮМБАҒЫ

Астана қаласы әкімдігі орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Жүмекеннің жұмбағы» атты ашық әдеби лекция өтті. Дәрісті белгілі қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, сыншы Амангелді Кеңшілікұлы оқыды.



Биыл – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, аса көрнекті ақын Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 90 жыл. Ақынның мерейтойына орай Жүмекен шығармалары республика көлемінде дәріптеліп, насихатталып келеді.

Қаламгердің құрметіне арналған осы іс-шараның да кітапханада өтуінің өз ерекшелігі бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Жаппай кітап оқитын ұлтқа айналуымыз керек» деген еді. Бұл кітап пен кітапхананың қоғамдағы салмағын артты-

ра түскені рас. Оқу-ағарту министрлігі Президент сөзін іс жүзінде қолдап, «Оқуға құштар колледж», «Оқуға құштар мектеп» жобаларын бірден жүзеге асыра бастады. Бұл бастамалар кітапхана мен мектеп, жоғары оқу орындарындағы кітапханалардың жұмысына серпін, шабытына жігер сыйлады. Оқушылар мен жастарды кітап оқуға бағыттау шараларға тартып, рухани кештер мен дәрістерді жиі өткізіп келеді. Іс-шараға қатысқан көпшілік те мектептер мен колледждерден келген ұстаздар мен кітапханашылар қауымы болды.

Дәріс басында лектор Амангелді Кеңшілікұлы кітапхана мен кітапханашылардың еңбегіне ерекше тоқталып, атқарып отырған ісіне береке тілеп, алғыс айтты. Әрі қарай тақырып бойынша дәрісін жалғастырып, Жүмекеннің жұмбағын ашуға тырысты. Жүмекен жырларын жатқа оқып, өлеңі мен өмірінен ерекше сыр шертті.

– Күйшілікті де терең меңгеріп, өлеңде де ешкімге дес бермей, екі өнердің тізгінін қатар ұстаған Жүмекен Нәжімеденов – сегіз қырлы, бір сырлы таңғажайып талант. Ол – суреткерлікті де, сыршылдықты

да, биызықты да, кеңдікті де, биіктікті де, тереңдікті де, сұлулықты да шығармашылық шеберлігімен ұштастыра білген ұлы ақын. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында күні-түні тынымсыз еңбек етіп, артына жеті том өлмес мұра қалдырған жыр сүлейінің қолына күрек пен қайла алып, тонна-тонна топырақты қазып, алтын іздегендей болған еңбекқорлығы мен өнерге берген адал сертінен айнымаған рухының қайсарлығына жыр жинақтарын парақтаған сайын сүйсінген үстіне сүйсіне түссен» дей келіп: «Әдеби сынымыздың «Жүмекен қандай ақын?» деген сұраққа мардымды жауап таппай «терең ақын» деген сөзге желімше жабысып қалғанына да, міне, 30 жылдың жүзіне тақап қалды, – деп түйіндеді дәрісін.

Шара соңында тыңдаушылар дәріскерге сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісті. Жүмекеннің қаламынан туған поэзия да, проза да бүгінде халқымыздың қажетіне жарап, ұлтымыздың ұлағатына айналып отырғанына тағы бір рет куә болдық.

Қабиден ҚУАНЫШБАЙ



АБАЙ ТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Ұлы ақын-ағартушы, композитор, философ Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына орай «Астана Опера» театрында «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» атты концерт өтті.

Бұл кеште композитор Еркеғали Рахмадиевтің Абай Құнанбаев өлеңдеріне жазылған романс топтамасы алғаш рет орындалды. Атап айтсақ, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Жаздыгүн шілде болғанда», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...», «Қажымас дос халықта жоқ», «Сіз – қырғауыл жез қанат», «Қара қатын», «Көңіл құсы құйқыжыр шартарапқа...» өлеңдері бар.

Сонымен қатар бағдарламада «Мен сәлем жазамын», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Кейде есер көңіл құрғырын», «Ғашықтық,

құмарлықпен – ол екі жол» атты төрт романс, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсынан ариялар, сондай-ақ Сыдық Мұхамеджанов, Мансұр Сағатов және Евгений Брусиловскийдің ақын сөзіне жазған әндері орындалды.

Айта кетейік, «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» концерті театрда Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралардың бастауы болды. Күзде ақынның сөзіне ән жазған басқа да композиторлардың шығармалары шырқалатын концерт өтеді.

«ГҮЛДЕРДІҢ» ГАЛА-КОНЦЕРТІ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерттік ұйымының «Гүлдер» ансамблінің 55 жылдық мерейтойына арналған гала-концерті өтті.



Концерт бағдарламасында арнайы әзірленген эксклюзивті аспаптық-хореографиялық қойылымдар мен жаңа хореографиялық композицияның тұсаукесері, авторлық әндер, танымал әртістермен ұтымды колла-

борация және классикалық өнердің жаңа интерпретациясы ұсынылды. Сондай-ақ аңызға айналған әртістер мен жас таланттар бір сахнада өнер көрсетті.

Іс-шараға Мәдениет және ақпарат вице-министрі Ай-

бек Сыдықов қатысты. Ол Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хатын жеткізді.

Сондай-ақ концертте Қазақстанның халық әртісі, қазақ эстрадасының жарық жұлдызы Роза Рымбаева,

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Айжан Нұрмағамбетова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жеңіс Сейдоллаұлы, Айгүл Елшібаева, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Әлібек Әлмәдиев, Әділхан Макин, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Мәди Рымбаев, Қуандық Шалқар, Меруерт Бахыт, «Астана сазы» қазақ мемлекеттік фольклорлық ансамблі, Astana musical мемлекеттік театры, TURAN этно-фольклорлық ансамблі, «Самға» тобы және Gulder ансамблі өнер көрсетті.

Белгілі қазақстандық әншілер Жанар Дұғалова, АРО және танымал қазақстандық қобызшы Олжас Құрманбек мерейтойлық концертте көрермендер үшін арнайы өнер көрсетіп, кештің көркін қыздырды.

ӘЙГІЛІ ӘУЕНДЕР ӘУЕЛЕДІ


Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрі әйгілі италиялық композитор Джузеппе Вердидің шығармаларынан құрылған «Вердиана» концертін ұсынды.



Филармонияның классикалық вокал бөлімінің солистері симфониялық оркестрдің (көркемдік жетекші, Қазақстанның халық әртісі Абзал Мұхитдин) сүйемелдеуімен Вердидің әйгілі ариялары мен дуэттерін орындады. Концертте «Трубадур» операсынан Леонора мен граф ди Луна дуэті, «Сицилия кеші» операсынан Еленаның болеро әні, «Бал-Маскарад» операсынан Ренатаның речитативі мен ариясы, «Травиата» операсынан Виолет-

таның «Addio del passato...» ариясы, басқа да танымал опералық ариялар орындалды.

Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Бибігүл Жанұзақ, Азамат Жылтырғозов, Сүндет Байғожин, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Шахризада Тыныштық, Фируза Рахметова, Әйгерім Аманжолова, Алтынбек Арыстанбек, Нұрсат Алмас, Салтанат Мұратбекова, Ринат Нұрмахан өнер көрсетті.



ҚЫЗЫЛ ОРАМАЛДЫ ШЫНАРЫМ

5 наурыз 19:00
Қуанышбаев театры



ҚҰДАЛАР

5 наурыз 19:00
Жастар театры



«АЛДАР КӨСЕ»

6 наурыз 19:00
Наз театры

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫП

Бас редактордың орынбасары – ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 25

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС